# ТАНЫМ САЛАСЫ СЕНСОРИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ



## *Картотека №1*

## *«Көжекті жасыр»*

*Мақсаты: Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету.*

*Ойыншылар саны: 5-6 бала.*

*Керекті құралдар: Екі түске бөлінген карточкалар (алаңқайлар), көжектер: қызыл, көк (әр балаға әр түстен).*

*Ойынның барысы: Балалар көжекті екі түске бөлінген алаңқайларға орналастыру керек. Көк түсті көжекті көк алаңқайға, ал қызыл көжекті қызыл алаңқайға.*

## Картотека №2
## «Макарон моншақтар»

**Мақсаты:** *Балаларға моншақ жасауды үйрету.*
**Ойыншылар саны:** *10-15 бала.*

**Керекті құралдар:** *Әр балаға түрлі түске боялған макарон өнімі жіне жіп.*

**Ойынның барысы:** *әр балаға макарон өнімдерінен тізбектелген моншақтар үлгідегідей беріледі.Үлгідегідей етіп, әр-түрлі түсте боялған үш түрлі көлемдегі макарон өнімдерінен жасалған моншақтарды жіпке тізбектейді.*

## Картотека №3
## «Шыршаны безендір»

*Мақсаты: Заттың түсің ажырата білу, тәрбиеші сұрағын дұрыс түсіне білу.*
*Геометриялық пішіндер жайлы түсініктерін кеңейту.*
*Ойыншылар саны: 5-6 бала.*

*Керекті құралдар: Шырша, түрлі түсті пішіндер.*

*Ойынның барысы: Балалар шыршаны қызыл, жасыл ,сары, көк түсті пішіндермен безендіру керек.*
*Әрбір ойыншықтың пішінің сұрайды.*
*( ұшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек).*

## Картотека №4
## Түрлі түсті жолақшалар.

**Мақсаты:** Балаларды ұзын – қысқа , түрлі – түсті жолақшаларды ажырата   білуге үйрету.

**Ойыншылар саны:** 10-15 бала.
**Керекті құралдар:** ұзын – қысқа, түрлі – түсті жолақшалар.

**Ойынның барысы:** Балаларға ұзын- қысқа жолақшаларды беріп , оларды   салыстырып, қайсысы  ұзын, қайсысы қысқа екенін анықтау.

**Картотека №5**

**Түрлі түсті маталар.**

***Мақсаты:*** ***Балаларды түстерді ажырата білуге үйрету арқылы таным белсенділіктерін арттыру.***

***Ойыншылар саны:*** ***5-10 бала.***

***Керекті құралдар:*** ***Түрлі – түсті мата қиындылары.***

***Ойынның барысы:*** ***Тәрбиеші балаларға мата қиындыларын таратады да, өзі бір түсті атайды. Орнында отырған бала тез орнынан тұрып , ортаға жүгіріп шығуы тиіс.***

## Картотека №6

## Үлкен –кіші.

**Мақсаты:** *Балаларды үлкен – кіші ұғымымен таныстыру.*

**Ойыншылар саны:** *5-10 бала.*

**Керекті құралдар:** *әр түрлі көлемдегі үлкен- кіші заттар.*

**Ойынның барысы:** *Балаларға әр түрлі көлемдегі заттарды беріп , кішіден – үлкенге қарай айтқыза отырып, көрсетеді.*

**Картотека №7**

**«Балықты ұста»**

**Мақсаты:** балаларға заттың түсін дұрыс ажыратып, атай білуге үйрету.

**Ойыншылар саны:** 5-6 бала.

**Керекті құралдар:** Аквариум,түрлі түсті балықтар, қармақ.

**Ойынның барысы:** Тәрбиеші балаларға балықты қармақпен ұстап , қармаққа түскен балықтың түсін атауды сұрайды. Содан кейін балықтың түсіне сәйкес топта қандай зат бар екенің атауды сұрайды.

## Картотека №8
## «Кілтті тап»

**Мақсаты:** **Балаларды түстерді , геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету, көру , ойлау қабілеттерін арттыру.**

**Ойыншылар саны:** **5-10 бала.**

**Керекті құралдар:** **Түрлі – түсті құлып суреттері және геометриялық пішіндер.**

**Ойынның барысы:** **Балаларға қызылғ көк , сары , жасыл, құлыптарды тарату, балалар олардың кілттерін , яғни кілттерді түстеріне сәйкес табуы керек.**



# Картотека № 9

## «Айырмашылығын тап»

**Мақсаты:** ***Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл - ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.***

**Мазмұны.**

***Бұл ойында тәрбиеші сенсориканы, көлемді, кеңістік қатынасын, санын салыстыру үшін белгілі бір мақсатты көздейді. Ары қарай салыстыратын заттардың санын арттыра отырып, бірнеше нұсқаларын қатарынан істеуге болады.***

***Балалар екі сайқымазақты салыстырады. Салыстыруда мына сөздер пайдаланылады: кең – тар, қалың – жұқа, ұзын – қысқа.***



## Картотека №10

### «Зат неге ұқсайды?»

*Мақсаты:* *Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.*

***1 - нұсқа.***

***Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді.***

***2 - нұсқа.***

*Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты таңдай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді.*

## Картотека №11
## «Қажет суретті тап»

**Ойынның мақсаты:**
**Үлкен және кіш ұғымдарын түсіндіру. Үлкен-кіші заттарды топтауға үйрету**

**Ойынға қажет заттар:** **Үлкен және кішкене суреттер немесе қуыршаққа арналған ыдыстар, пластилиннен жасаған заттар, т. б.**

**Ойын ережесі:** **Егер ойын суреттермен жүргізілсе тәрбиеші үлкен суреті балалардың бәрі көретіндей орынға іледі.**

**Мысалы:** үлкен тарелка немесе орамал ұстаған қыздың суреті. Балалар қораптағы суреттердің ішінен тақтаға ілінген сурет мазмұнына сәйкес заттардың суретін алып столға қояды. Не істегені туралы айтады.

**Картотека №12**

**« Жұбын тап»**

**Мақсаты:** *геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.*

**Құрал-жабдықтары:** *әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.*

**Мазмұны:** *Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.*

**Картотека №13**

**«Өз үйіңді тап»**

**Ойынның мақсаты:** ***түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.***

**Ойынның құрал-жабдықтары:** ***түрлі-түсті дөңгелектер.***

**Ойынның мазмұны:** ***Балаларға түрлі-тісті дөңгелектер тарату, түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады.***

**Картотека №14**

*Қонжықтар.*

**Мақсаты:** *Заттардың мөлшерін , шамасын салыстыру. Аз – көп түсінігін қалыптастыру.*

**Ойыншылар саны:** 5-6 бала.

**Керекті құралдар:** Үлкен – кіші суреттер.

**Ойынның барысы:** Балалар үлкен – кішкентай қонжықтарды анықтайды. Үлкен қонжықтарды бір жаққа , кішкентай қонжықтарды бір жаққа қою ұсынылады.

**Картотека №15**

**Танып ал да, атын ата**

***Мақсаты:*** *заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.*

***Қажетті құралдар:*** ***әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер.***

***Ойын барысы:*** ***Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады.***

**Картотека №16**

**Айырмашылығын тап»**

**Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.**

**Мазмұны. Бұл ойында тәрбиеші сенсориканы, көлемді, кеңістік қатынасын, санын салыстыру үшін белгілі бір мақсатты көздейді. Ары қарай салыстыратын заттардың санын арттыра отырып, бірнеше нұсқаларын қатарынан істеуге болады.**

**Ойын өткен материалды бекітуге арналған.**

**Картотека №17**

**«Үйлерге орналастыр»**

***Мақсаты:*** ***Балаларда түстер туралы түсінік қалыптастыру. Оларды салыстырып, сәйкестендіруге үйрету. Ойлау қабілетін дамыту.***

***Әдіс-тәсілі:*** ***Түстерді көрсету.***

***Қажетті құралдар:*** ***Қатты қағаздан жасалған түрлі-түсті үйлер, мысықтар.***

***Ойынды жүргізу барысы:*** ***Балалардың назарына 6-8 түсті үйлерді ұсыну. Олардың түстерін таныстырып, қайталап сұрау. Содан кейін сол үйлердің түсіне сәйкес мысықтарды көрсетіп, таныстыру.***

***Мысықтардың түстеріне сәйкес үйлерге орналастырып көрсету.***

***Балалардан көргендерін өздеріне қайталап, жасату.***

***Білмеген балаларға көмектесу.***

**Картотека №18**

**«Суреттерді дұрыс құрастыр»**

*Мақсаты: балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.*

*Керекті құрал-жабдықтар: құстардың қиылған суреті*

*Балалардың алдына үй құстарының қиылған суреттері беріледі. Ол суретте құстың басы,денесі,қанаты және аяқтары бөлек-бөлек қиылған болады. Балаларға берілетін тапсырма суреттерді дұрыс жинастыру.*

## Картотека №19
## «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»

*Мақсаты:* жоғары- өмен, биік-аласа ұғымдарын пысықтау.
*Көрнекілік:* Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.
*Барысы:* Тақтаға бір бала шақырып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі.
*Мысалы:* Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.

## Картотека № 20
## «Шаршы құрастыр»

Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды.
Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды.
Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі.
Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады.
1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды.
2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?).

## Картотека № 21

**“Аққала” дидактикалық ойыны.**

***Мақсаты:*** *Геометриялық пішіндерден аққала құрастыра білу. Аққаланың бөліктеріндегі пішіндерді атау*

***Ойын шарты:*** *үстел үстінде жартылай қиылып жасалған аққала бөліктері ілінеді. Үстел үстінде қалған бөліктері: басына киетін шелегі, аузы, қолы, сыпырғышы, ілгегі сияқты суреттері жатады. Балалар осы бөліктерді алып, артындағы сұраққа жауап беріп іледі.*

*(сұрақты педагог оқиды)*

*Аққаланың неше бөліктен тұратынын, қандай геометриялық фигуралардан құралғанын, оны неден жасайтынын айтады.*